

Абырой жүгін арқалаған Ғалым

Өмірде еңбеккер, абыройлы болып, бойындағы жақсы қасиеттерімен танылып, қоғамнан ойып орын ала білген адамның мерейі тасымақ. Сондай адами болмысымен, парасат-пайымымен, ізгі істерімен ортасын жаңашылдығымен тәнті етіп жүрген Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, алпыс жастың асқарына шыққалы отырған Диамара Төлегенова туралы әңгіме өрбітпекпіз.

дарының иегері болды. Оның есімі «Ақжайықтың асыл арулары» энциклопедиясының екінші басылымына енгізілді.

«Үздік оқытушы» атанды

Диамара Қабденқызының 170-тен астам мақалалары бар. Негізі айналысатын мәселелеріне қатысты бүгінгі таңда оннан аса оқу құралы, он екі оқу-әдістемелік көмекші құралы, төрт монографиясы басылымнан шықты. Оның төртеуі халықаралық импакт-факторлы журналдарда жарияланған. 2015 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бойынша «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері. Сонымен қатар аталмыш университеттің жанындағы «Фатима» қыздар клубының негізін қалаушы, тұрақты тәлімгері.

Доцент Диамара Төлегенқызының отбасы туралы айтсақ, жанұясының отағасы Абат Сатыбайұлы – республикаға танымал ғалым. Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Қоғамдық рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қызы Дана 2010 жылы Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың «Агрономия» мамандығы бойынша бакалавриат бөлімін үздік аяқтап, кейін осы білім ордасының магистратура бөлімін «Экология» мамандығы бойынша үздік дипломмен тәмамдаған. Үлкен ұлы Орал мен келіні Диана М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің түлектері. Орал Абатұлы – Орал қаласындағы «Ақжайық» Халықаралық мектебінің директоры, магистр. Кенже ұлы Мақсат Абатұлы – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің төртінші курс студенті. Ынтымағы жарасқан отбасында немерелері Әлісұлтан, Алиана мен жиендері Әбілмансұр, Тамина тәрбие алуда.

Өмірін агрономия саласына арнап, 60 жастың асқарына келіп қалған Диамара Қабденқызының өмір жолы көпке үлгі.

Гүлжан АЯЗБАЕВА

пен тиянақтылық, ұқыптылық пен жауапкершілік мұнда да жанына серік болып, жоғары оқу орны қабырғасында өзін әркез жақсы жағынан танытады. 1987 жылы «Ғалым – агроном» мамандығы бойынша оқуын жоғары деңгейде тәмамдап, қолына алған дипломымен Атырау облысының Құрманғазы ауданында бас агроном, мал азығын даярлау саласының бригадирі ретінде жұмысқа тұрады. Өзінің айтуынша, 1987 жылдан Құрманғазы ауданында бірден бас агроном болып жұмыс жасады. Ол кезде бұл мамандық төрт кол-

хоз, екі совхозда жетіспейді екен.

– Сол уақыттарда жердің құнарлылығын тексеру үшін ғылыми зерттеу жүргізе бастадық. Жердің құнарлығы, сапалы болғаны жөн. Көп нәрсе соған тікелей байланысты. Мысалы, жердің құнарлылығына қарап, сол зерттелген аумақта қанша бас мал өсіруге мүмкіндік бар екенін анықтауға болады. Немесе қанша гектар егіс еуге және одан қаншалықты өнім алуға болатынын болжай аламыз. Қойдың жүнінің сапасы, оның төлінің мықтылығы, бәрі де жердің құнарлылығына

байланысты. Жерді қайта құнарландыру жұмыстары жөнінде көп іздендім. Жұмысқа берілгенім, талапшылдығым соншалық барлығы мені «Агроном қыз» деп атап кетті. Сөйтіп жүріп, ғылым саласына еніп кеттім, – дейді.

Кейіпкеріміз 1990 жылы Орал қаласына отбасымен қоныс аударады. Сол жылдан бастап Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтының аграрлық-техникалық университетінде еңбек етіп келеді. 1994-1997 жылдары Алматы қаласындағы қазақтың картоп, көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасының күндізгі бөлімінде оқып, «Продуктивность и семенные качества картофеля в зависимости Западно – Казахстанской области» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, 1988 жылы ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болады. 2004-2010 жылдар аралығында «Өсімдік шаруашылығы және стандартизация», «Жалпы биология» кафедрасының меңгерушісі, 2014-2016 жылдарда агрономия факультетінің деканы қызметтерін атқарады. 2018-2019 жылдарда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университетінің «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінің доценті, 2011 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары аттестациялық комиссиясының (ЖАК) шешімімен «Агрономия» мамандығы бойынша «доцент» ғылыми атағы берілді. Ғылым және білім беру саласындағы еңбегі үшін 2008 жылы «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. 2013 жылы БҚО әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, «Университет үздігі» төсбелгісінің, «Университет ардагері», «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ға 50 жыл» медаль-

жігерімен екі жыл далада еңбек етеді. Сағаттар зулап, күнге түн жалғасып, айлар жылжиды. Солармен бірге ізім-ғайым жоғалудан сақтайтын еңбек қана екенін түсінеді. Далада қызмет ету шыны сағым сияқты. Сол жолда ауылшаруашылығын аспандатуды мақсат санаған еңбеккер қыз тіпті шаршау дегенді білмейді. Өйткені даланың тіршілігімен сіңісіп кеткендіктен, тек қана өзінің шаруасын ширатып жүрді. Іс-қимылы ширақ тракторшы қыз адам өміріндегі құндылық – еңбек деп түсінді. Қызметтің ыстығы мен суығын бастан кешірді. Өзіне жүктелген міндетті бірден орындауға тырысты. Сондықтан шығар сүйікті ісіне ынта-ықыласы зор болды. Былайша айтқанда, ол мінсіз еңбек етті. Алдыңғы толқынның ізін жалғап, мамандық таңдауда алдымен өмірлік тәжірибе жинау керек деп ұғынды.

Есімі

энциклопедияда

1982 жылы Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтының агрономия факультетінің студенті атанады. Бесігінен дарыған тазалық



Диамара Қабденқызын өңірімізде білмейтін жан кемде-кем деуге болады. Тәжірибелі ғылым кандидаты 30 жылдан астам уақыттан бері ауыл шаруашылығы саласында жемісті еңбек етіп келеді. Әйел заты болса да агрономия мамандығын меңгеріп, қиын сәттерде ерлерден кем түспеді. Өйткені, ол далада жұмыс жасап, кісіліктің шынайы үлгісін көрсеткен ізгі жан.

Диамара Қабденқызы 1963 жылы тамыз айының 29 күні Атырау облысының Құрманғазы ауданы Сүйіндік ауылында ағартушы-педагогтар жанұясында дүниеге келген. Ағасы Алмас, апалары Гүлшара, Ләззат, сіңлісі Гүлмира бір отбасында өскен. Асқар таудай әкесі Қабден Төлегенұлы – өңірге белгілі ел ағасы, қоғам қайраткері, партия – кеңес ұйымдарының хатшысы, тарих пәнінің мұғалімі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, мектеп директоры. Анасы Мәстүра Нәбиқызы – физика, математика пәндерінің мұғалімі, балабақша меңгерушісі ретінде адал тер төккен жандар.

Ауылдың алғыр да патриот қызы Диамара 1980 жылы Сүйіндік орта мектебін ойдағыдай аяқтаған соң, өз қалауымен №188 аудандық кәсіптік – техникалық училищесінің Сүйіндік ауылдық трактористер даярлайтын курсы бітіріп, комсомол жастар бригадасына жұмысқа қалады. Сүйіндік кеңшарының №1 фермасының трактористі ретінде белсенді жұмыс жасап, ауылдағы барлық ауылшаруашылығы жұмыстарына (қой төлдету, сахман, шөп шабу, токарлық) жастық жігерімен бел шеше белсене қатысады.

Оның қызметіне деген жауапкершілігі, іскерлігі, алғырлығы сол кезде байқалады. Жастық